	<p>қолданылатын орнына қарай жан-жақты анализ жасатып, әр дыбысқа қажетті толық мінездеме беру, олардың табиғатын дұрыс таныту. Буын құрылыстары мен өзгерістерін, екпіннің түрлері мен олардың атқаратын қызметтерінен мағлұмат беру. Шектік өзгерістер, олардың түрлерін, игерулі өзгерістерді үйрету; дыбыс өзгерістерінің бір-біріне ұқсайтын және ұқсамайтын жақтарына, тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық құрылыстарына байланысты фонетикалық заңдылықтарға тоқталу.</p> <p>Практикалық сабақтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дыбыстардың артикуляция-акустикалық қасиеттері. 2. Сөйлеу мүшелерінің қызметтеріне сипаттама. 3. Қазақ сөздерін транскрипциялаудың сыры. Транскрипцияның мақсаты, мәні. 4. Жасалым (артикуляция). Айтылым (акустика). Естілім. 5. Байырғы қазақ тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстар. 6. Дауыстыларды жіктеу мәселесі. 7. Байырғы қазақ тіліндегі дауыссыз фонемалар мен қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыздар. 8. Дыбыстық үнем. Дыбыстық үнемнің пайда болу жолдары. 9. Қазақ тілінде буынның маңызы. 10. Екпін туралы түсінік, екпінге көзқарас. Бунақ екпіні. 11. Үндестік – тілдің болмысынан туатын заң. Негізгі үндестік заңдардың түрлері, оның сыры. 12. Бейүндестік (диссимляция), оның себебі. Оған көзқарас, түрлері. 13. Орфоэпияның зерттелуі. Орфоэпиялық норманың негізгі критерийлері. 14. Қазақ орфографиясының тарихы. 15. Орфографияның негізгі
Оқытудың нәтижелері	<p>-артикуляциялық сараптау, фонетикалық және фонетикалық транскрипцияларды пайдалана отырып мәтінге талдаулар жүргізе алады;</p> <ul style="list-style-type: none"> -орфоэпиялық және орфографиялық варианттарды сипатын аша біледі; -графика, орфографияның негізгі мәселелерін меңгереді; -дыбыстарға анализ жасау кезінде фонетикалық терминдердің мазмұнын түсініп қолдана алады; -фонетикалық, графикалық, орфографиялық материалдарды жүйелі түрде талдап, қорытындылай біледі; -фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық талдау жасай біледі.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Кредит арудың шарттары	Пәннің мазмұнын толық меңгеруі, оны іс-тәжірибеде пайдалана білуге үйрету. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы бойынша жазылған еңбектерге конспект жазу. Өзекті мәселелерге жазбаша тапсырмалар орындау.
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қалиев Ғ. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 2014 ж. 2. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, 2002 ж. 4. Дүйсебаев М. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 2006 ж.

	<p>5. Ырсымбетова Н., Әуелбекова А., Әділбекова Ж. Қазақ тілі. / оқу құралы. – Шымкент, 2014ж. -196 б.</p> <p>6. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009 ж.</p> <p>7. Фазылжанова А. Орфографиялық сөздік. Жауапты редакторы Р.Сыздық. – Алматы: "Арыс", 2007 ж.</p> <p>8. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 50000 сөз. - 4-ші бас. өнд. толықт. - Алматы: "Дайк-Пресс", 2001ж.</p> <p>9. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002 ж.</p> <p>10. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003 ж.</p> <p>11. Ырсымбетова Н. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы./ әдістемелік нұсқаулық. – Шымкент, 2010 ж.</p>
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ тілінің негіздері Компонент: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы ККТС 2220
Модульге жауапты	Қазақ тілі мен әдебиеті
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	лекция - 1, практикалық - 2, СӨЖ- 6
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	«Тіл біліміне кіріспе», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы».
Модульдің постреквизиттері	Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау
Компонент мазмұны	<p>Сөзжасам – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы сияқты күрделі мәселелер жатады. Бір сөзбен айтқанда, сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді.</p> <p>Практикалық сабақтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөзжасам тіл білімінің жеке саласы 2. Сөзжасамның тілдің басқа салаларымен байланысы. 3. Сөзжасамдық тәсілдер. 4. Сөзжасамдық мағына... 5. Күрделі сөздер 6. Біріккен сөз. Қос сөздер. 7. Сөзжасамдық талдау. 8. Фонетикалық сөзжасам. Синтетикалық сөзжасам.

	<p>9. Зат есімнің сөзжасамдық жұрнақтары.</p> <p>10. Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары, мағыналық, тұлғалық, қызметі ерекшелігі.</p> <p>11. Санесімнің сөзжасамдық жұрнақтары, мағыналық, тұлғалық, қызметі ерекшелігі.</p> <p>12. Есімдіктің сөзжасамдық жұрнақтары, мағыналық, тұлғалық, қызметі ерекшелігі.</p> <p>13. Есім сөздердің аналитикалық сөзжасамы.</p> <p>14. Етістіктің синтетикалық сөзжасамдық жұрнақтары, мағыналық, тұлғалық, қызметті ерекшелігі. Семантикалық сөзжасам.</p> <p>15. Етіс тұлғалы туынды етістіктер.</p>
Оқытудың нәтижелері	<p>-сөзжасамдық зерттеулер бойынша ғылыми жаңалықтармен бөлісіп, ол жайында өз көзқарасын жеткізе біледі;</p> <p>-сөзжасамдық ережелерді, қағидаларды түсінеді, олар жайындағы өзіндік тұжырымын дәлелдей біледі;</p> <p>-сөз таптарының жасалу жолдарын меңгереді.</p> <p>-алған теориялық білімді практикада қолдана біледі.</p>
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Кредит арудың шарттары	<p>Алған теориялық мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы студенттің таным мен ойлау деңгейін жетілдіріп, мағлұмат пен деректерді еске түсіре отырып, сөзжасамның негізгі ұғымдарымен таныстыру. Оқу материалын ұғыну және оның салдары мен нәтижелерін өз сөзімен баяндау, практикада қолдану. Мәліметтерді нақты жағдайда және жаңа жағдаятта қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Негізгі теориялық мәліметтің құрылымдық ерекшеліктерін, мазмұнын және оның ішкі құрылысын талдау. Тақырып бойынша берілген білімді тиянақтап, оны шығармашылықпен байланыстыра отырып, жүйелендіру. Ақпарат бойынша қорытынды жасау, оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру</p>
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<p>1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 2008ж.</p> <p>2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002ж.</p> <p>3. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым – Алматы, 2001ж.</p> <p>4. Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000ж.</p> <p>5. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы, 2003ж.</p> <p>6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 2002.</p> <p>7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2006.</p> <p>8. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы, 2000.</p> <p>9. Қазақграмматикасы. – Астана, 2002.</p> <p>10. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003</p>
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның)	Қазіргі қазақ тілінің негіздері Компонент: Сөзжасамдық мәселелер SM 2220
-------------------------------	--

компоненттері)	
Модульге жауапты	Қазақ тілі мен әдебиеті
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	Лекция 1, практикалық 2, СӨЖ 6
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	«Тіл біліміне кіріспе», «Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы», «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы».
Модульдің пререквизиттері	Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау
Компонент мазмұны	<p>Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы алынған теориялық білімді тереңдетуді және сөзжасамды әлеуметтік құбылыстармен шарттастырылған жүйе екендігі туралы түсінік қалыптастырылып, қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне жалпы сипаттама беріледі. Тілдің жалпы заңдылығына бағынатын және ұдайы дамып отыратын, белгілі бір заңдылықтарына тоқталу. Тілдің бұл саласының лексикологиямен және морфологиямен байланысын туралы түсінік беріледі. Сөзжасам сөйлеушінің түрлі мақсаттарды іске асыру барысында белсенді қолданысында пайдаланылатын тетігіне жатады. Сөзжасамның арқасында тіл ұдайы түрлі семантикалық құрылымдармен толығып отырады..</p> <p>Практикалық сабақтар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ тіл білімінде сөзжасамның дербес сала болып танылуы, ол дәлелденген ғылыми еңбек. 2. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі 3. Сөзжасам тәсілдерінің зерттелу деңгейі. 4. Туынды сөздер. 5. Қазақ тілінде көне замандардан бері қарай қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер. 6. Сөзжасамдық мағынаның сөзжасамдық бірліктер арқылы жасалатыны. 7. Сөзжасамдық талдау. 8. Синтетикалық сөзжасам. 9. Зат есім сөздердің синтетикалық сөзжасамына талдау жасау. 10. Сын есімнің сөзжасамдық жұрнақтары. 11. Санесімнің сөзжасамдық жұрнақтары. 12. Есімдіктің сөзжасамдық жұрнақтары. 13. Есім негізді күрделі сөздер. 14. Семантикалық сөзжасам. 15. Қазіргі қазақ тілінің дампында аналитикалық тәсілдің маңызы.
Оқытудың нәтижелері	<p>-сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін, сөзжасамдық бірліктерді, сөзжасам заңдылықтарын, сөзжасамның амал-тәсілдерін, сөздердің жасалу жолдарын меңгереді;</p> <p>-сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін, сөзжасамдық үлгілерді, сөзжасамдық мағынаны, әр сөз табының сөзжасамын, сөзжасамға</p>

	қатыстымәселелерді игереді; сөзжасам арқылы тіліміздің сөздік құрамы үнемі толықтырылып отырылатынын біледі; - тілдегі жаңа сөз кездейсоқ жасала салмай тілдегі қалыптасқан сөзжасам-дық заңдылықтар негізінде пайда болатыны меңгереді.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Кредит арудың шарттары	Ғылыми жаңалықтармен бөлісіп, ол жайында өз көзқарасын жеткізе біледі. Түрлі мәтіндер түрін мазмұндау және баяндай алу, ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді пайдалану қабілетінің болуы, нақты материалдарды жинау және сұрыптай білу. Алған теориялық мәліметтерді іс-тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Негізгі теориялық мәліметтің құрылымдық ерекшеліктерін, мазмұнын және оның ішкі құрылысын талдау. Тақырып бойынша берілген білімді тиянақтап, оны шығармашылықпен байланыстыра отырып, жүйелендіру.
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	1. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 2008ж. 2. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002ж. 3. Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым – Алматы, 2001ж. 4. Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000ж. 5. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы, 2003ж. 6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 2002. 7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2006. 8. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктер. – Алматы, 2000. 9. Қазақграмматикасы. – Астана, 2002. 10. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2003
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ тілінің негіздері Компонент: Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлемі ККТКС 3304
Модульге жауапты	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавр
Аптадағы сағат саны	лекция -2, практикалық -2, СӨЖ- 8
Кредиттер саны	KZ 4, ECTS 6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	6
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі
Модульдің	Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық

постреквизиттері	талдау
Компонентмазмұны	<p>Құрмалас сөйлемнің жалпы сипаттамасы. Оның қалыптасу, даму жолдарынан мәлімет. Құрмалас сөйлемнің өзіндік айырым белгілері. Салалас құрмалас сөйлемдер. Жалпы сипаттама. Сабақтас құрмалас сөйлем. Жалпы сипаттама. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Бұлардың компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне қарай түрлері: Бірыңғай көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем көп құрамды құрмалас сөйлемнің бірі екендігі, оның жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің зерттелу тарихы. Тыныс белгілері. Тыныс белгілері туралы жалпы түсінік. Тыныс белгілерінің қалыптасуы мен даму жолдары.</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құрмалас сөйлемнің жалпы сипаттамасы. 2. Салалас құрмалас сөйлемдер. Жалпы сипаттама. 3. Жалғаулықты себеп-салдар салалас сөйлем және оның жалғаулықтары 4. Жалғаулық арқылы жасалатын салалас сөйлемдер: талғаулы салалас сөйлем, оның жалғаулықтары. 5. Кезектес салалас сөйлем, оның жалғаулықтары 6. Жалғаулықсыз салалас сөйлем. Түсіндірмелі салалас сөйлем. Көп компонентті салалас сөйлем. Мұның сыйыса айтылу жолдары. 7. Салалас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері. 8. Сабақтас құрмалас сөйлем. Жалпы сипаттама. 9. Шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық ерекшеліктері. 10. Мақсат бағыныңқылы сөйлем, оның жасалу жолдары. 11. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық ерекшеліктері. 12. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. 13. Үлестес (мезгілдес) сабақтас сөйлем, оның жасалу жолдары. 14. Бағыныңқы сөйлемдердің орны тәртібі. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің орын тәртібі, тыныс белгілері. 15. Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер. Бұлардың компоненттерінің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне қарай түрлері: Бірыңғай көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем, сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем. 16. Аралас құрмалас сөйлем көп құрамды құрмалас сөйлемнің бірі екендігі, оның жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің зерттелу тарихы. 17. Бөгде сөз, оның түрлері. Бөгде сөз. Жалпы сипаттама. Бөгде сөздің түрлері: төл сөз, төлеу сөз және ортақ төл сөз. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән өзіндік ерекшеліктері мен 18. Мәтін – құрылымдық синтаксис пен қатысым синтаксисінің негізгі тұлға бірлігі екендігі. 19. Тыныс белгілері.
Оқытудың нәтижелері	<p>-синтаксис пәнінің зерттеу нысаны жайлы ғылыми зерттеулермен танысады;</p> <p>-негізгі синтаксистік ұғымдарды ажырата біледі;</p>

	<p>-ережелерді, қағидаларды түсінеді, біледі. мамандығы бойынша ғылыми жаңалықтармен бөлісіп, ол жайында өз көзқарасын жеткізе біледі; -естіген ақпараты жайындағы өзіндік тұжырымын дәлелдей біледі; -алған теориялық білімді практикада қолдана біледі; -пәні бойынша жаңа ғылыми білімдерді, ережелерді, дәлелдемелерді тұжырымдайды; -өтілген тақырыптар негізінде шағын мақала, баяндама жазып, өз пікірін тұжырымдай біледі; -күрделі емес пікірсайысқа қатысып, өз ойын дәлелдей біледі.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Курс жұмысы, емтихан
Кредит арудың шарттары	Өзекті мәселелерінен реферат жазу, шығармашылық түрде жазбаша тапсырмалар орындау, студенттердің ғылыми конференциясына қатысу.
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы, 2010. 2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. –Алматы, 2010. 3. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 2004. 4. Ырсымбетова Н., Әуелбекова А., Әділбекова Ж. Қазақ тілі.- Шымкент, 2013. 5. Қазақ грамматикасы. –Алматы, 2002. 7. Оразбаева Ф.Ш. және т.б. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 2005. 8. Сағындықұлы Б., Сайрамбаев Т. Синтаксис мәселелері. –Алматы, 2008. 9. Сағындықұлы Б., Сайрамбаев Т. Құрмалас сөйлемдер жүйесі: оқу құралы. –Алматы, 2007. 10. Оңалбаева Қ., Сайрамбаев Т. Есімдер синтаксисінің кейбір мәселелері. –Алматы, 2005.
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ тілінің негіздері Компонент: Қазіргі қазақ тілінің тыныс белгілер жүйесі ККТКВZh 3304
Модульге жауапты	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавр
Аптадағы сағат саны	лекция -2, практикалық- 2, СӨЖ- 8
Кредиттер саны	KZ 4, ECTS 6
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	6
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлемі
Модульдің постреквизиттері	Стилистика және тіл мәдениеті, Көркем мәтінді лингвистикалық талдау
Компонент мазмұны	Түркі әлеміндегі тыныс белгілерінің тарихына жалпы шолу. Тыныс

	<p>белгілерінің осы күнгі терминдерін алғаш ұсынған А.Байтұрсынов болатынын атап көрсету. Тыныс белгілер – жазу тілінің, жазу мәдениетінің, әсіресе баспа ісінің дамуымен тікелей байланысты. Жазылған пікірді оқуға оңай, түсінуге жеңіл болуы үшін, түрлі ықшамды ұсақ бөлшектерге бөлу, әр бөлшектің бір-бірімен мағыналық қатынастарын көрсету қажеттігі туады. Сол қажеттіліктен келіп, тыныс белгілері пайда болғанына тоқталу. Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойылмаған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын. Қазіргі қазақ тілі тыныс белгілерінің зерттелу тарихына көз жібергенде, олардың осы уақытқа дейін зерттеліп келгенін және әлі де зерттей түсуді қажет ететінін байқауға болады. Өйткені пунктуацияның теория және практикалық мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешу аса зор еңбекті қажет етеді</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тыныс белгілерінің қалыптасуы мен даму жолдары. 2. Қазақ тілінің пунктуациясының жүйесі. 3. Қазақ тіл білімінде пунктуация мәселелерінің зерттелу тарихы. 4. Нүкте. Нүкте қойылатын орындар. 5. Сұрау белгісі және қойылатын орындары 6. Леп белгісі және қойылатын орындары. 7. Үтір және қойылатын орындары. Біріңғай мүшелер арасындағы қойылатын үтір. 8. Қос нүкте және қойылатын орындар. 9. Нүктелі үтір. 10. Оңашаланған мүшелерге байланысты қойылатын үтір. 11. Құрмалас сөйлемдерде қойылатын үтір. 12. Сызықша және сызықша қойылатын орындар. 13. Тырнақша. 14. Тыныс белгілерінің сөйлем соңында келуі сөйлемдердің орын тәртібі, тыныс белгілері. 15. Жақша
Оқытудың нәтижелері	<p>-пунктуация – теориясының өз алдына жеке сала екендігін біледі;</p> <p>-пунктуациялық ережелер және олардың тармақтары: оның жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің құрамын, атқаратын қызметтері мен білдіретін мағыналарын және олардың қолдану ережелерін зерттейтіндігін игереді,</p> <p>- тыныс белгілерін, оларды қолдану ережесін меңгереді;</p> <p>-жазудың жалпыға бұрдей ортақ заңдарға ережелерге негізделіп, бір жүйеге келуін талап ететінін танысады.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Курс жұмысы, емтихан
Кредит алуының шарттары	Өзекті мәселелерінен реферат жазу, шығармашылық түрде жазбаша тапсырмалар орындау, студенттердің ғылыми конференциясына қатысу.
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оразбаева Ф, Жүнісбекова К. Қазақ тілі – Алматы, 2008. 2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы – Алматы, 2002.

	<p>3. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясын игерудің негіздері.-Алматы, 2008.</p> <p>4. Балақаев М. Сауатты жазудың негізгі шарты- тыныс белгі. «Екпінді», 2009.</p> <p>5.Әбілқасымов Б. Тыныс белгілері //Оралдық «Екпінді» газеті, январь 2010</p> <p>6.Мұсабекова Ф. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. – Алматы: «Мектеп», 2011.</p> <p>7.Мұсабекова Ф. Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері. – Алматы, 2004</p> <p>8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 2000.</p> <p>9.Әбілқасымов Б. Қазақ жазбасында тыныс белгілерін қолдану тарихына қатысты соңғы деректер // Известия Каз, выпуск.3, 2001, 81 стр.</p>
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	<p>Модуль «Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары» Компоненттер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдебиеттануға кіріспе АК 1204, 2.Қазақ халық ауыз әдебиеті КНАА 1207, 3. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті ЕДКА 2208, 4.ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы КАТ 2221, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет КНДА 2221, 5. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті КА 3222, Ақын-жыраулар поэзиясы AZhP 3223, 6.Шешендік өнер және мәнерлеп оқу ShOMO 3305, Шешендік өнердің шығу тарихы ShOShT 3305, 7. Оқу (фольклорлық) іс-тәжірибе 	
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы	
Модуль түрі	Мамандық модульдері	
Модульдің деңгейі	Бакалавриат	
Кредиттер саны	18	<ol style="list-style-type: none"> 1. Лекция - 1, практик.- 1, СӨЖ - 4 2. Лекция - 1, практик.- 2, СӨЖ - 6 3. Лекция - 1, практик.- 2, СӨЖ - 6 4. Лекция - 1, практик. - 2, СӨЖ - 6 5. Лекция - 1, практик. - 2, СӨЖ - 6 6. Лекция - 1, практик. - 2, СӨЖ - 6 7. Оқу (фольклорлық) іс-тәжірибе - 1
Оқытылатын семестр	1,2,3,4,5,6	
Модульдің пререквизиттер	Халық ауыз әдебиеті. Қазақ әдебиетінің тарихы, Абайтану	
Модульдің постреквизиттер	Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан, Диплом жұмысты жазу және қорғау	
Компонент мазмұны	<p>Әдебиеттану ғылымының негізгі үш саласын меңгеру. Әдебиет теориясының негізін түсіну. Әдебиет сыны тарихын меңгеру. Әдеби процесс заңдылықтарын игеру. Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсіну. Әдеби процесс дамуының түйткіл мәселелерін ажырата алу. Ұлттық құндылықтарды әдеби процеспен байланыста қарай алу. Шығармашылық психологиясын анализ жасай алу. Идея ұғымын жете түсіну. Форма ерекшеліктерін</p>	

	<p>саралай алу.</p> <p>Қазақ әдебиеті сын тарихы. Қазақ әдебиеті сын тарихының даму тенденциялары. Ал-Фарабидың әдебиет туралы сыни-теориялық еңбектері. Оның Аристотелдің поэтикалық-теориялық еңбектермен тығыз байланыста еңбек етуі. Ш.Уәлихановтың қазақ әдебиеті, қазақ өлең теориясы туралы алғашқы талдаулары. Алашордалықтардың әдеби сыни еңбектері. А.Байтұрсынов еңбектері. «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы. Олардың сыни ойларды дамытудағы еңбектері. Кеңестік дәуірдегі әдеби сынның қалыптасуы. Профессор Т.Кәкішевтің қазақ әдеби сын тарихы туралы жүйелі еңбегі.</p> <p>Талдау (анализ) – көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Айталық, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан, немесе, сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Сондай-ақ, кейіпкерлердің характерін бейнелеу принциптері тұрғысынан, сөздік, тілдік құралдарды пайдалануы, егер поэзиялық шығарма болса ырғақтық интонациялық өзгешеліктері, әр түрлі шумақ, тармақ, ұйкастарды қолдану жағынан талдауға болады. Шығарманы осындай бірнеше қырынан тексергенде жеке ерекшеліктердің өзіндік сипат белгілерін де олардың бір-бірімен байланысында аңғаруға мүмкіндік бар. Әрине, шығарманы боршалап, бөлшектеп, талдап қарастырғанда оның мағыналық көркемдік бірлік тұтастығынан туатын әсері бір сәт әлсірейді. Оның есесіне шығарманың құрылыс-бітіміндегі әншейінде көзге түспейтін, байқала бермейтін сипат белгілері айқын танылады.</p>
Оқыту нәтижелері	<p>-әдебиеттану ғылымының негізгі теориялық ұғымдарын ұлттық болмыс пен тарих мәнмәтінінде түсіне және түсіндіре алады;</p> <p>-заманауи әдеби процестерді әлемдік және ұлттық деңгейде қарастыра алуға септігі тиеді;</p> <p>-әдеби сын тарихының негізгі даму жолдарын аңғарып, түсінеді.</p> <p>-сын тарихының даму барысындағы идеялық-теориялық мәселелерді тарихи бірлікте қарастыра алады;</p> <p>- қазақ әдебиетінің ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орнынан хабардар болып, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері, қазақ елінің өсу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы туралы толық мағлұмат алады.</p>
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Оқытылатын модульдің ұзақтылығы	6 семестр
Жаңарту мерзімі	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: Әдебиеттануға кіріспе АК 1204
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	Бакалавриат
Аптадағы сағат саны	лекция 1, практикалық 1 , СӨЖ 4
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	1
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	Мектеп бағдарламасындағы жалпы білім беретін пәндер
Модульдің постреквизиттері	Халық ауыз әдебиеті, Ежелгі дәуір және орта ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XI-XIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы
Компонент: мазмұны	<p>Әдебиеттану ғылымының негізгі үш саласын меңгеру. Әдебиет теориясының негізін түсіну. Әдебиет сыны тарихын меңгеру. Әдеби процесс заңдылықтарын игеру. Шығарма құрылымын талдай алу. Образ ұғымын жете түсіну. Әдеби процесс дамуының түйткіл мәселелерін ажырата алу. Ұлттық құндылықтарды әдеби процесспен байланыста қарай алу. Шығармашылық психологиясын анализ жасай алу. Идея ұғымын жете түсіну. Форма ерекшеліктерін саралай алу. Идея форма ара-қатынасын дұрыс бағамдай алу. Жинаған интеллектуалдық қорын тандаған ғылыми бағытына қолдана білу. Әдеби шығарманы біртұтас талдай алу. Тілдік троптар мен фигураларды жете ажырата алу.</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Әдебиет – сөз өнері. Әдебиеттану ғылымы және оның салалары 2. Көркем шығармадағы мазмұн мен пішін 3. Көркем шығарманың тақырыбы. Көркем шығарманың идеясы 4. Көркем бейне және авторлық дүниетаным. Көркем бейненің жасалу жолдары. Көркем бейненің жіктелуі 5. Көркем шығарманың тілі. Поэтикалық тіл. Кейіпкер тілі және автор тілі 6. Көркем шығарма композициясы мен сюжеті 7. Өлең құрылысы 8. Дүние жүзі поэзиясындағы өлеңдер жүйесі 9. Силлабикалық өлең жүйесі 10. Тоникалық өлең жүйесі 12. Метрикалық өлең жүйесі 13. Поэзия мен көркем қара сөз 14. Әдеби даму, әдеби процесс 15. Дүние жүзі әдебиетіндегі құбылыстар қатынасы. Әдеби ағым-бағыттар. Әдебиеттің тектері мен түрлер
Оқытудың нәтижелері	-әдебиеттану ғылымының негізгі теориялық ұғымдарын ұлттық болмыс пен тарих мәнмәтінінде түсіне алады; -заманауи әдеби процестерді әлемдік және ұлттық деңгейде қарастыра алуға септігі тиеді;

	-өзара әдеби ықпал процесін ұтымды қолдана алуға ықпал етеді; -кез-келген әдеби- көркем шығармаларды теориялық-құрылымдық тұрғыдан талдай біледі; -жаңа әдеби ағым тенденцияларынан хабардар болады; -әдеби ағымдарды ұлттық әдеби процесс ауқымына байланыстыра алуға үйренеді.
Қорытынды бақылау формасы	емтихан
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы:"Атамұра", 2003. 2. Қалшабек А. Әдебиеттану ғылымына кіріспе–Шымкент: Нұрдана-LTD, 2012. 3. Қалшабеков А. Әдебиеттану ғылымына кіріспе.–Шымкент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ баспаханна орталығы, 2013. 4. Ысмайылов Е. Әдебиет теориясының мәселелері.–Алматы."Қазақ университеті", 2011. 5. Шейх Ахмет Хұдайдад Тарази. Көркем сөз өнері. – Алматы:"Таңбалы", 2013 6. Райс Ғ. Сөз өнері теориясы. –Алматы:"Таңбалы", 2010. 7. Мақыпұров С. Адамтану өнері. Алматы:"Арыс", 2009. 8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. –Алматы: " Ана тілі", 2006. 9. Ысмақова А. Алаш әдебиеттануы, Алматы, 2007. 10. Еркінбаев Ұ. «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі– Алматы, 2008. 14. Қазақ әдебиеттану тарихы. –Алматы: "Қазақпарат", 1-том, 2007 15. Қазақ әдебиеттану тарихы. –Алматы: Қазақпарат, 2-том, 2008 16. Хализев В. Теория литературы.–Москва, 2005. 17. Ысқақұлы Д. Қазақ әдеби сынының тарихы.–Алматы, 2013. 18. Хализев В. Теория литереатуры, –Москва, 2005.
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: Қазақ халық ауыз әдебиеті КНАА 1207
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	лекция 1, практикалық 2, СӨЖ 6
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	2 семестр
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	Абайтану, Әдебиеттануға кіріспе
Модульдің постреквизиттері	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет, Әдеби процесс
Компонент мазмұны	«Халық ауыз әдебиеті» атты негізгі пәннің басты мақсаты мен

	<p>міндеті алғашқы қауымның ыдырау кезінде туып, күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан фольклорлық мұра туралы біртұтас ұғым қалыптастыру.</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Фольклордың пайда болу жөніндегі мектептер (мифтік теория, ауысып алу теориясы, тарихи мектеп) 2. Тұрмыс-салт өлеңдерінің жиналуы мен зерттелуі 3. Наурыз өлеңдері және еңбек-кәсіпке байланысты шығармалар 4. Бақсы сарыны, арбай-байлау және бата тілек өлеңдері 5. Лирикалық өлеңдер және оның түрлері 6. Кіші жанрлар. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаш 7. Шешендік өнер тарихы және оның қоғамдық қызметі 8. Төле, Қазбек, Әйтеке билердің мұрасы 9. Аңыздық прозаның түрлері 10. Хикая жанрының ерекшеліктері 11. Ертегілік проза және оның түрлері 12. Эпикалық жырларды орындайтын ақын-жыршы, жыраулар 13. Тарихи жырлар және өмір шындығы 14. Эпостың тұтастану мәселесі 15. Айтыс өнері. Қазіргі айтыс.
Оқытудың нәтижелері	<p>-халық ауыз әдебиетін оқу арқылы студент халық әдебиетінің тарихын, оның туып, қалыптасуын, әртүрлі даму кезеңдерін және саралануы мен зерттелуін жан-жақты қарастырады;</p> <p>-осы кезеңге дейін өздерінің танымдық-эстетикалық мәнін жоймаған тұрмыс-салт өлеңдері, кіші жанрлар, лирикалық өлеңдермен шешендік сөздер, аңыздық және ертегілік проза, эпикалық жырлар мен ақындар айтысы, балалар фольклоры тәрізді жанрлардың жиналып-жариялануын, зерттелуін, олардың идеялық-тақырыптық, мазмұн-мағынасын, жанрлық ерекшеліктерін, көркемдік кестесін біледі;</p> <p>-фольклорлық мұралар әдеби-көркемдік жағынан жазба әдебиеттің бір арқауына айналып, оны дамытып-байытудағы мән-маңызын түсіне алады;</p> <p>-жекелеген фольклорлық шығармалардың нұсқаларын салыстырып, өз бетімен талдауына және ғылыми-теориялық тұрғыдан терең зерттеп-зерделеуіне мүмкіндік береді, жағдай жасайды.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Кредит алудың шарттары	Пән бойынша барлық шарттарды орындау
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті. – Алматы, 2013. 2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 2004. 3. Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы, 2000. 4. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том, - Алматы, 2008.
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті EDKA 2208
-------------------------------	---

компоненттері)	
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	лекция 1, практикалық 2, СӨЖ 6
Кредиттер саны	KZ 3 / ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	3 семестр
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	Абайтану, Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті
Модульдің постреквизиттері	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет, Әдеби процесс, Әдебиет теориясы мен қазақ әдебиеті сынының тарихы
Компонент мазмұны	<p>Қазақ әдебиетінің бастау бұлағы саналатын ежелгі әдеби мұралармен танысу және оларды ғылыми негізде сараптау. Ежелгі әдеби мұралардың тақырыптық- идеялық және жанрлық тұрғыдан ерекшеліктерін айқындап, зерттелу тарихын жүйелеу. Студенттер пәнді оқу арқылы ежелгі әдеби мұралардың кейінгі қазақ әдебиетінің дамуына тигізген ықпалын үйренеді.</p> <p>Практикалық сабақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Орхон жазуындағы жәдігерліктер. 2. «Күлтегін» жырының көркемдік ерекшелігі. 3. Қорқыт ата кітабы.(«Китаби дедем Корқуд»). 4. Оғыз-наме(«Оғыз-қаған» эпосыжәне әдебиет»). 6. Әбу-Насыр әл-Фараби(870-950). 7. М.Қашғари «Диуани лұғат ат- түрк(Түркі сөздерінің жинағы»). 8. Ж.Баласағұн «Кұтадғу біліг(Кұтты білік). 9. Ахмет Йүгінеки және оның «Ақиқат сыйы» кітабы 10. А.Яссауи «Диуани хикмат»(«Даналық кітабы»). 11. Н.Рабғузи. «Рабғузи қиссалары. 12. «Кодекс Куманикус. 13. Құтыбтың «Хұсрау-Шырын» дастаны 14. Сайф Сараи «Гүлстан бит-түрки»(«Түрік тіліндегі Гүлстан») 15. Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»»)
Оқытудың нәтижелері	-орхон жазуындағы жәдігерліктер туралы мәліметтерді меңгереді; -оғыз-қыпшақ дәуірінің эпикалық туындыларды ажырата алады. -ежелгі түркі ру-ұлыстармен бірге жасаған көркем сөз өнерінің үлгілерін біледі.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Кредит алудың шарттары	Студенттер бұл курсты оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: " Санат", 2000 2.Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Алматы, 2000 3.Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1-2 кітап. – Алматы, 2001,2003

	4.Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Астана, 2005 5.Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: "Өнер", 2010
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы КАТ 2221
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	1 лекция, 2 практикалық, 6 СӨЖ
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4 семестр
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	«Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Әдебиеттану ғылымына кіріспе», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»
Модульдің постреквизиттері	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет, ҰОС және соғыстан кейінгі әдебиет, Әдеби процесс
Компонент мазмұны	<p>Қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір сала – ХІ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы әдебиеті. Қазақ аталатын дербес мемлекет – Қазақ хандығының негізі қалануымен байланысты өз алдына жеке әдебиет те қалыптасты. Төл әдебиетіміздің бастауларын оқыту мамандыққа сай міндетті болып саналады. Қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір сала - ХІ-ХУІІІ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Қазақ аталатын дербес мемлекет – Қазақ хандығының негізі қалануымен байланысты өз алдына жеке әдебиет те қалыптасты. Төл әдебиетіміздің бастауларын оқыту мамандыққа сай міндетті болып саналады</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.XV-XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулар 2.Қазтуған жырау 3.Асан қайғы 4.Доспамбет жырау 5.Шалкиіз жырау Тіленшіұлы 6.Жиёмбет жырау 7.Марғасқа жырау 8. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті 9.Ақтамберді жырау 10.Тәтіқара ақын 11.Үмбетей жырау Тілеуұлы 12.Бұхар жырау Қалқаманұл 13.Көтеш ақын 14.Шал ақын 15.XV-XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулар шығармаларының негізгі тақырыптық ерекшеліктері.

Оқытудың нәтижелері	-бұл курсты меңгере отырып студент ғылыми жұмыспен айналысуға, мақала жазуға икемделеді; -қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты бұл пән ұлттық әдебиетіміздің алғашқы өкілдері – Асан Қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, XVII ғасырда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдері Көтеш, Шал ақындар шығармашылығын қамтитын ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы идеялық-көркемдік жалғастығы мәселелері, жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан меңгереді.
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Кредит алудың шарттары	Пән бойынша барлық шарттарды орындау
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	1.Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. –Алматы": Атамұра", 2003 2..Негимов.С Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика» –Алматы, 2011ж. 3.Негимов.С Қазақ өлеңдерінің көркемдігі»–Алматы, 2008ж 4.Тебегенов Т. Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. –Алматы, 2011 5.Темірболат А. Б. Әбдиманұлы Ө., Айсултанова К.А., Есимова Ж.Д., Солтанаева Е.М. Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Ұжымдық монография. 2017 6.Сейтжанов З. Н.Тарихи жырлар. –Алматы: "Қазақ университеті", 2011г. 7.Тлепов Ж. 14-18 ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы. –Алматы, 2011г. 8.Бұлдыбай А.С.Жыраулық поэзия. – Алматы: "Атамұра", 2011ж. 9.Бисенбаев П.К.Тарихижырлар. – Алматы: "Қазақ университеті", 2011ж 10.Тлепов Ж.Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. –Алматы: "Қазақ университеті", 2013ж..
Жаңарту күні	25.05.2018 ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет КНДА 2221
Модульге жауапты	«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	бакалавриат
Аптадағы сағат саны	1 лекция, 2 практикалық, 6 СӨЖ
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS 5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	4 семестр

Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	«Қазақстанның қазіргі заман тарихы», «Әдебиеттану ғылымына кіріспе», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»
Модульдің постреквизиттері	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет, ҰОС және соғыстан кейінгі әдебиет, Әдеби процесс
Компонент мазмұны	<p>Қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір сала – XI-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы әдебиеті. Қазақ аталатын дербес мемлекет – Қазақ хандығының негізі қалануымен байланысты өз алдына жеке әдебиет те қалыптасты. Төл әдебиетіміздің бастауларын оқыту мамандыққа сай міндетті болып саналады. Қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір сала - XI-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Қазақ аталатын дербес мемлекет – Қазақ хандығының негізі қалануымен байланысты өз алдына жеке әдебиет те қалыптасты. Төл әдебиетіміздің бастауларын оқыту мамандыққа сай міндетті болып саналады</p> <p>Практикалық сабақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.XV-XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулар 2.Қазтуған жырау 3.Асан қайғы 4.Доспамбет жырау 5.Шалкиіз жырау Тіленшіұлы 6.Жиёмбет жырау 7.Марғасқа жырау 8. XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті 9.Ақтамберді жырау 10.Тәтіқара ақын 11.Үмбетей жырау Тілеуұлы 12.Бұхар жырау Қалқаманұл 13.Көтеш ақын 14.Шал ақын 15.XV-XVII ғасырларда өмір сүрген жыраулар шығармаларының негізгі тақырыптық ерекшеліктері.
Оқытудың нәтижелері	<p>-бұл курсты меңгере отырып студент ғылыми жұмыспен айналысуға, мақала жазуға икемделеді;</p> <p>-қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты бұл пән ұлттық әдебиетіміздің алғашқы өкілдері – Асан Қайғы, Қазтуғаннан бастап Доспамбет, Шалкиіз, XVII ғасырда өмір сүрген Жиёмбет, Марғасқа, XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының соқталы өкілдері Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау және ақындық поэзияның көрнекті өкілдері Көтеш, Шал ақындар шығармашылығын қамтитын ежелгі түркілік поэзия мен жыраулық поэзияның сабақтастығы идеялық-көркемдік жалғастығы мәселелері, жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы, жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, жыраулық мұралардың тарихилық мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан меңгереді.</p>
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Кредит алудың	Пән бойынша барлық шарттарды орындау

шарттары	
Модульдің ұзақтығы	1 семестр
Әдебиеттер	<p>1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: "Атамұра", 2003</p> <p>2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика» – Алматы, 2011ж.</p> <p>3. Негимов С. Қазақ өлеңдерінің көркемдігі» – Алматы, 2008ж</p> <p>4. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармашылығындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы, 2011</p> <p>5. Темірболат А. Б. Әбдиманұлы Ө., Айсултанова К. А., Есимова Ж. Д., Солтанаева Е. М. Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы. Ұжымдық монография. 2017</p> <p>6. Сейтжанов З. Н. Тарихи жырлар. – Алматы: "Қазақ университеті", 2011г.</p> <p>7. Тлепов Ж. 14-18 ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы. – Алматы, 2011г.</p> <p>8. Бұлдыбай А. С. Жыраулық поэзия. – Алматы: "Атамұра", 2011ж.</p> <p>9. Бисенбаев П. К. Тарихи жырлар. – Алматы: "Қазақ университеті", 2011ж</p> <p>10. Тлепов Ж. Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті. – Алматы: "Қазақ университеті", 2013ж..</p>
Жанарту күні	25.05.2018ж.

Модульдің атауы (оның компоненттері)	Қазіргі қазақ әдебиетінің бастаулары Компонент: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті КА 3222
Модульге жауапты	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы
Модульдің түрі	Мамандық модульдері
Модульдің деңгейі	Бакалавриат
Аптадағы сағат саны	1 лекция, 2 практикалық, 6 СӨЖ
Кредиттер саны	KZ 3, ECTS5
Оқыту формасы	күндізгі
Семестр	5 семестр
Білім алушылардың саны	
Модульдің пререквизиттері	«Ежелгі дәуір әдебиеті», «Әдебиеттану ғылымына кіріспе», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті»
Модульдің постреквизиттері	XX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының алғашқы кезеңі, XX ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі әдебиет, ҰОС және соғыстан кейінгі әдебиет
Компонент мазмұны	«XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы» пәнін жоғары мектепте оқытудың негізгі мақсаты – маман әдебиетші дайындау, оның жалпы қазақ әдебиеті туралы ғылымды жүйелі түрде меңгеру, игеру міндетімен сабақтас. Сондай-ақ, әдебиет тарихының табиғаты мен әдістері, қызметі (функциясы) принциптері, түрлері, жанрлары туралы оқып үйрету "Қазақ әдебиетінің тарихы" курсының мақсаты болып табылады. XIX ғасыр әдебиеті – үлгісі, түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Сондықтан бұл курстың негізгі міндеті филолог студенттерді XIX ғасыр әдебиетіне байланысты

жалпы қазақ әдебиеті тарихына қатысты бұрын-соңды жасалған, тиянақталған зерттеу нәтижелерін меңгере отырып, XIX ғасыр әдебиет үлгілерінің көркемдік табиғаты, әлеуметтік негіздері жөнін әрі қарай зерделеуге тарту. XIX ғасырдың әдебиеттің тарихы, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен тығыз байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ұлт ой-санасын оятудағы міндетін айқындау. XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен байланысы, дәстүрлі әдебиет үлгісін дамыту мен өзіндік ізденістерден туған жаңашылдықтың белгілерін тану.

Практикалық сабақтар:

1. XIX ғ. әдебиетінің қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі. XIX ғ. әдебиетінің теориялық тарихы.
2. XIX ғ. әдебиет үлгілері. XIX ғ. әдебиетіндегі негізгі бағыттар мен ағымдар. Қазақстан жерін отарлау жұмыстары. Қазақстандағы халық ағарту ісінің жағдайы. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуының мазмұнындағы реализм, романтизм, тәрізді көркемдік әдістердің көріністері.
3. Жаңа реалистік жазба әдеби мазмұндағы лирикалық, сатиралық өлең, поэма, проза (әңгіме, очерк, ғылыми-көсемсөздік мақала) жанрларының, философиялық трактат, аудармалық және назиралық шығармалардың қалыптасуы, дамуы. Зар заман ағымы, және оның өкілдері. Зар-заман кезеңдері.
4. Дулат Бабатайұы Абайға дейінгі қазақ поэзиясының аса көрнекті өкіл. Ақын өмірі туралы мәлімет. Шығармаларының жариялануы, зерттелуі.
5. Шортанбай және оның заманы. Өмірі туралы мәлімет. Шортанбайдың ежелгі түркілік-мұсылмандық, сопылық әдебиет дәстүрі, көркемдік ерекшеліктері. Мұрат Мөңкеұлының зар заманы. Өмірі туралы мәлімет. Мұрат мұрасының жариялану, зерттелу тарихы. Мұрат шығармаларындағы ойшылдық, философиялық-азаматтық тереңдік.
6. Зар замандық сарындағы шығармаларындағы лирикалық кейіпкер – ақын тұлғасына тән биіктік, романтикалық әуенді гуманизм сипаты. «Үш қиян», «Қазтуған», «Сарыарқа», «Әттең бір қапы дүние-ай!» атты толғауларындағы ақынның азып-тозбауын аңсаған романтикалық ой-армандары.
7. Мұрын жырауға Мұрат үйреткен он төрт батырлық жыр: «Қарадөн батыр», оның ұрпақтары «Жұбаныш батыр», «Сүйініш батыр», «Құлыншақ батыр», «Ақжонас батыр», «Кеңес батыр», «Жаңбыршы батыр» оның баласы «Телағыс батыр», «Оғыз батыр». «Қарасай-Қаси» дастаны. Айтыстары. Зар заман ағымының тарихи-әлеуметтік негіздері. Әбубәкір Кердері шығармаларындағы зам заман.
8. Нарманбет Орманбетұлы өмірі, шығармашылығы. Нарманбет Орманбетұлы өлеңдерінің негізгі тақырыбы – оқу-білім, адамгершілік, ел тәуелсіздігі. Албан Асан, Мәді қажы шығармашылығындағы зар заман көрінісі
9. XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет, Шоқан Уәлиханов – қазақ әдебиетін зерттеуші. Шоқан мұрасының жариялануы, зерттелуі (Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, т.б.) Шоқан – қазақ тарихы мен әдебиетін, фольклоры мен этнографиясын зерттеуші, ағартушы ұлы ғалым.

10. Ол – публицист жазушы. Шоқанның ағартушылық, демократтық көзқарастарындағы философиялық-материалистік дүниетаным сипаттары.

Шоқанның фольклор, әдебиет тарихы, поэзия жанрлары туралы зерттеу еңбектері: Шоқан Уәлиханов мұрасының ұлттық тарихымыздағы маңызы.

11. Ыбырай шығармаларының жариялануы, зерттелуі. Ыбырай – ұлы ағартушы, ұстаз-жазушы, ақын, этнограф, аудармашы. Ыбырай шығармаларының философиялық, психологиялық сырлары. Ыбырайдың қазақ мектебі үшін ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін оқу-құралын жазуы («Шариат-ул-ислам», «Мұсылманшылық тұтқасы»). 7. Ыбырай өлеңдеріндегі реализм – қазақ халқының тұрмыстық халін, өмір мазмұнын көркем тілмен бейнеленуі. Ы. Алтынсарин әңгімелері – ұстаздық тәлім-тәрбие құралы, қазақ жазба прозасы қалыптасуының бастау негізі. Ы. Алтынсариннің аудармалары, Л. Н. Толстой, И. А. Крылов, В. И. Даль, К. Д. Ушинский, И. И. Паульсон шығармаларын аударудағы жазушының өзіндік ерекшелігі.

12. Абай Құнанбаев - өмірі және шығармашылығы, Абайдың шәкірттері. Абай дәстүрін жалғастырушылар. Шығармашылық өмірбаяны. Абай мұрасының жиналуы, жариялануы, зерттелуі. Ұлы Абайдың шығармашылық қалыптасуына шешуші ықпал еткен үш арна: қазақ халқының рухани мәдениеті (фольклоры, ақын-жыраулар мұралары, т.б.). шығыстың классикалық әдебиеті мен ғылымы, орыстың классикалық әдебиеті және Еуропаның философиялық ғылымы.

